


Л 2006

В 012 К

КАЗІРГІ  
КАЗАК  
ПОЭЗИЯСЫ

Шона  
Смаханұлы

Әнші  
әтеші











ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ  
ПОЭЗИЯСЫ

Шона  
Смаханұлы

Әнші  
әтеші

*Шымшымалар,  
сықақтар,  
мысалдар*



Алматы  
“Жазушы”  
2005

ББК 84 Қаз 7-7  
С 52

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды*

Құрастырған *Көпен Әмір-Бек*

**С 52 Смаханұлы Шона.**

**Әнші әтеш: Шымшымалар, сықақтар, мысалдар. /**  
Құраст. К. Әмір-Бек. — Алматы: Жазушы, 2005. —  
200 бет.

ISBN 9965-746-30-3

Көрнекті сатирик-ақын Шона Смаханұлының  
“Әнші әтеш” атты бұл кітабына таңдаулы мысал-  
сықақтары мен шымшыма-шаншымалары енгізілді.

С 4702210202 – 042  
402(05) – 05

**ББК 84 Қаз 7-7**

ISBN 9965-746-30-3

© “Жазушы” баспасы, 2005



## ШОҚ ТІЛДІ ШОНА

Әріп танып, өліппені үйренгеннен бері фамилиямызды сұрағандарға “Пөленшеев, Төленшеев” деп, өкеміздің атына “...ев” пен “...овты” қосақтап айту дағдыға айналған-ды. Мұның өзі бір мезгіл ұйықтап, үш мезгіл тамақ ішкендей бойымыз үйренген үрдіс болатын. Өйткені Кеңес өкіметі бізді солай оқытып, солай тәрбиелегені кім-кімге де жасырын емес. Көзімді тырнап ашып, көркем шығармаларға ден қоя бастаған кезде фамилиясының артында не “...ев” жоқ, не “...ов” жоқ үш адамның аты-жөніне қайран қалғанмын.

1. Бауыржан Момышұлы.
2. Балғабек Қыдырбекұлы.
3. Шона Смаханұлы.

Үш тұлғаның үшеуі де — ұлы! Неге? Сұлтан болуға ұмтылған жоқ, ұлты үшін ұлтан болды. Ұлы болуға ұмтылған жоқ, ұлтының құлы болуға ұмтылды. Ұлт үшін туған ұлдарын ұлағаттай алатын, торге шығарып төбесіне көтере білетін халықпыз.

Ендеше еліне еңбегі сіңген абыройлы ағаларымыздың бірі Шона Смаханұлы деп қадап айта аламыз. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұсында тәрбие алған кейінгі жастар Шона ағамыздың сынсықақтырын оқығанмен, ана тіліміздің мәртебесі үшін “Мыңмен жалғыз алысып”, жауға жалғыз шапқан батыр азамат болғанын біле ме?

Шона Смаханұлы Кеңес өкіметінің кезінде туып, сол дәуірде дүниеден озды. Тәуелсіз еліміздің желбіреген көк байрағын көре алмай кеткен қайраткер. Республика бойынша қазақ мектептері мен балабақшалары бірінен соң бірі жабылып, тіліміз бен

дінімізден безіп, жаппай орыстануға айнала бастағанымызда жалғыз өзі атойлап шыққан жеке батыр. Қит етсе қиып түсетін қызыл империяның қылышынан қаймықпады. Шыбын жанын шүберекке де түйген жоқ. Ана тілі үшін белді бекем буып, нар-тәуекелге барған қаламгерді ұлықтаудың орнына, ұмытып бара жатқандаймыз.

Тіл үшін тірескенмен тіресіп, күрескенмен күресіп жүріп Алматыда қаншама қазақ мектептерін ашқызды! Жалғыз өзі жалықпай, шүлдірлеп сөйлесетін сәбилерімізді үйме-үй үгіттеп жүріп, қазақ балалар бақшасына апарғызды. Ал, қазақ балалар бақшасын ашу үшін жоғары-төменді шенеуліктерге дүркін-дүркін хат жазып, қара терге түскеніне бәріміз куәміз. Мұндағылар құлақ аспаса, Орталық партия комитетінің Бас хатшысы Брежневке дейін жеделхат жолдап, тіл үшін әрекетке барғаны есімізде.

Шона аға осыдан отыз жыл бұрын қазақ тілінің мәртебесі туралы кеудесін оққа төсеп ашық күрескенін көзіміз көрді. Көбіміз үндемедік. Бұғып қалдық. Партиядан қорықтық. Саясаттың салқыны тисе, тұмауратып қаламыз ба деп үріктік. Шона ағамыз бұққан да жоқ, үріккен де жоқ. Әй, батыр екен-ау! Сол заманда Шона ағамның аузынан естіген тіл туралы сөздерді жазып алған едім.

Жазушылар одағы үйінің қақ алдында келте бойлы, кекілді сықақшы Шона Сымаханұлы ағамыз поропора боп сөйлеп тұр екен! Айналасында алты-жеті шәкірті аузын ашып, көзін жұмып ұйып қалған. Бақсам, қазіргі қазақ тілінің тазалығы мен мәдениеті туралы тереңнен сөз қозғап тебіренуде, құдды аудиториялардағы профессорлардан аумайды-ақ.

— Бала тілін білмегеннің  
Бір “шаригі” жетпейді.  
Ана тілін білмегеннің  
Мың “шаригі” жетпейді! —

деді Шөкең әр сөзін шегедей қағып. — Бұл бірақ, менің шығарған шымшымам.

— Бү жөнінде Паустовский “Хайуан ғана ана тілін білмейді, ана тілін білмейтін адам хайуанмен бірдей”



деген еді ғой, соған арқа сүйей отырып, бұдан да гөрі шымшыманың отына шыжғырып, қақтап алмадыңыз ба, Шөке? — дедім күштірек ойын түрткілеп. Сол сол-ақ екен, тоғаны ағытылған көлдей лақ етіп құйылып, ана тілі туралы данышпандардың айтқан сөздерін нөсердей төкті.

— Айналайын-ау, Владимир Ильич Лениннің өзі толық шығармалар жинағының 45-томында “Бір елдің, ұлттың, халықтың тілін, мәдени ғұрпын, жақсы дәстүрін қорлаған адамды жазалау керек” деп жазыпты. Ал, Вяземский “Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек” деген.

Мұхтар Әуезов: “Ана тілін білмейтін адам — мәдениетті адам санатына қосылмайды”.

Ғабит Мүсірепов: “Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалды”.

Ғабиден Мұстафин: “Ана тілін білмейтін адам қолы жоқ, шолақ адам тәрізді”.

Шыңғыс Айтматов: “Халық өзінің тілімен ғана мәңгілік”.

М. Шагинян: “Әдіс-тәсілін білсе, балаға төрт жасқа дейін төрт тіл үйретуге болады”.

Н. Крупская: “Балаға басқа тілді өз ана тілін толық меңгергеннен кейін ғана үйретуге болады”

Ж. Сарноғәев: “Ана тілін білмеген

Ақылы жоқ желік бас.

Ана тілін сүймеген

Елін сүйіп жарытпас”

Махатма Ганди: “Ана тілін білмейтін адамнан әділдік күтпе”.

В. Белов: “Егерде жұрттың бәрі бір ғана жасанды тіл — экспарентомен сөйлейтін болса, дүние қандай көңілсіз болар еді”.

Осы тұста кеудемде бір қызық ой ұрық септі.

Тіл десе тізе бүкпей тікесінен тұратын Шона ағам сатираның жыртысын да осылай безек қағып, бебеулеп жүріп жыртса ғой, өзіл-қалжындары әрірек барар ма еді, әлде...

Құдай біледі, барар еді. Өйткені, маңызды нәрсенің бәрі махаббаттан басталады ғой. Иманды болғыр Шона

ағам ең бірінші мемлекеттік тілдің туын желбіретіп, тік ұстап өткен қаламгер.

Шоқ тілді Шона Смаханұлы 1986 жылдың қазан айында қайтыс болғанда арнайы комиссия құрылды. Соғыс ардагерлері атынан партизан-жазушы Қасым Қайсенов, жерлестері жағынан ғалым Балтабай Адамбеков, Жазушылар одағының атынан ақын Ұлықбек Ердәулет және сықақшылар қауымының атынан мен қосылып, марқұмның мәйітін өз аманаты бойынша туған жеріне апарып жерледік. Жамбыл облысы, Талас ауылындағы “Ойыл” ауданындағы Қара шаңырағына барғанымызда, жарықтық Шөкең көзі тірісінде “Өлсем басыма орнатасындар” деп өзіне-өзі ескерткіш жасатып қойыпты.

Содан бері жиырма жылға жуықтаса да, Шона ағамыздың бірде-бір кітабы жарық көрмеді. Биыл, Ұлы жеңістің 60 жылдығына орай соғыс ардагері, сықақшы Шона Смаханұлының жаңа жинағы “Жазушы” баспасынан шығып отыр. Бұл да үлкен ескерткіш.

*Көпен ӘМІР-БЕК,  
Президент грантының иегері,  
Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты.*

# Шымшымалар

---



## ҚАР ЖАУАДЫ...

*(Халық шығармасы)*

Қар жауады бұрқақтап,  
Жүре алмайсың сырғақтап.  
Жаман қатын ойнайды  
Байыменен ыржақтап.

## “НАХАЛ” МЕН “ҚАҚАЛ”

Ауылдан келген жеңгейге  
“Кезексіз колбаса алдың” деп,  
Қалалық жеңгей “Нахал” деді,  
Ауылдан келген жеңгей  
Есе жібермей:  
“Әдірем қал,  
Қақалсаң қақал!”— деді.

## ҚЫМЫЗ ҚАЙДА?

— Қымыз бар ма, шырағым? —  
Деді атасы келініне.  
Келіні айтты:  
— Өрістегі  
Биелердің желінінде.

## ШЕГІРТКЕ

Сентябрьде ВУЗ-ға түсті,  
Октябрьде қызға түсті.  
Ноябрьде сәлем айтты,  
Жаңа жылда үйге қайтты.

## КӨЙЛЕК КҮЙІГІ

Жабысты ма қыздарға  
Көйлек деген күйік боп.  
Етек шіркін, әйтеуір,  
Бара жатыр биіктеп...  
Кетер ме екен киік боп?!

## ҚЫРСЫЗ

Жігіттің шашы дудардай,  
Сирағын жылан сорғандай.  
Шаруаға ешбір қыры жоқ,  
Қыз тиер бұған сор маңдай.

## ШІРКІННІҢ АСЫҒЫСЫ-ОЙ...

О, жаратылыс – жасаған-ай!  
Қыздың да болады екен  
Қашағаны-ай!  
Он жеті – он сегізге  
Толған күні,  
Сәтті күні  
Болған түні  
Бір жігітпен мінгесті де таксиге,  
Тайып тұрды басқа үйге.  
Шіркіннің асығысы-ой,  
Жеделін-ой!  
Қашпаса да,  
Әкесі береді ғой!

## ДЕРТ

Болмаған соң кішілік,  
Жоламады кісілік.  
Төкашпарлық дертімен  
Қала берді ұшынып.

## ҮЙЛЕНГЕНШЕ

Үйленгенше  
“Жаным” дейді,  
Үйленген соң  
Жанын жейді.

## АҚША СҮЙЕР

Шопан-атаның таяғын сүймей,  
Тиынын сүйген жігіттер,

Төбесіне шөмеле үйген  
Ақсаусақтан үміткер.

### **ҚАНДЕННІҢ АЖАЛЫ**

Желік жеңіп қанденді,  
Батырсынып пәлденді.  
Көшеде жортып жүргенде,  
Мас машинаға дәл келді.  
Жалп етті, байғұс,  
Қаңқ етті.

### **ЕСІЛ ЕРІН**

— Мынау тұрған әсем қыз  
Қатарының керімі.  
— Керімдігін қайтеміз,  
Тозып қапты-ау еріні.  
— Ерінніне аяулы  
Көп жаққан-ау бояуды.  
— Мұндайды жігіт қаламас,  
Көңілі енді қаяулы.

### **АҚ ҚҮС**

Ақ құс еді о баста,  
Қарады да қарғаға,  
“Ендігі мода” деген соң  
Боянып алды қараға.

### **ҚАРБЫЗ**

Құртақандай жүрегін  
Сыйға беріп өр қызға,  
Дөні бар да, дәмі жоқ  
Ұқсап қалды қарбызға.

### **ӘККІ БУХГАЛТЕР**

Шотты теріс бір қақты—  
Қалтаға ақша зыр қақты.

## “ПРОГРЕСС”

Есегін шығарды да  
Қағып шетке,  
Саудагер жүгін артты  
Самолетке.

## ТАҚЫС ТАКСИСТ

Құдай атты таксиді,  
Көзі тұздай ақшиды.  
Артық ақша бермесең,  
Бармаймын деп қақшиды.

## ҚҰЛҚЫН

Ойлай-ойлай құлқынды,  
Өмір бойы жұлқынды.  
Бойлай-бойлай дүниеге  
Кеңірдектен қылқынды.

## ҚАРА ҚҰС

Қозыны іліп әкетті,  
“Атып тастар құс” деді.  
Түспеген соң жерге ізі,  
Ісі сотқа түспеді.

## ТЫШҚАН

Магазинге үн шықты,  
Тышқан сұқты тұмсықты, —  
Қайтып шықпай,  
Тұншықты.

## ҚОСАЛҚЫ

- Қосалқы қызмет деген не?
- Аз істеу де, көп алу.
- Қосалқы қызмет деген не?
- Істемей-ақ тек алу.

## ШАЙ ПҮЛ

Жағымпаз берген “шай пұлды”  
Бүктеп ұрып қалтаға,  
Қожайыны айбынды  
Жүріп кетті Ялтаға.

## ДҮНИЕ ҚУҒАН...

Жібек, шайы, шибарқыттан  
Тай-тай, топ-топ мата алып,  
Бұрыла алмады театрға,  
Матасына маталып.

## ТЕЛЕФОН

— Телефон деген немене  
Бір ашып, бір басатын?  
— Қолы бос жеңгейлердің  
Қобдиы сырласатын.

## “ЖАНАШЫР”

Сатушы айтты аласыға:  
“Өзіңіздей көріңіз.  
Қадалмаңыз таразыға,  
Қыли болар көзіңіз”.

## ТАРАЗЫДА

Серке мен түйе егесті:  
“Менен ауыр емессің!”  
Тұяғын серке басқанда,  
Түйе шықты аспанға.

## ҚАУЛЫ

Деді де: “Жұмыс нормально”,  
Қаулы алынды — формально.



## ТИЗГІН

Жігіт айтты: — Сүріндім...  
Еш өкпем жоқ атыма.  
Тізгінінен тілімнің  
Айырылыппын қапыда.

## ЕРМЕ

Біреудің сыртынан біреу  
Өсек айтып тұрса,  
“Сенікі дұрыс” дейді.  
Біреудің сыртынан біреу  
Кесек атып тұрса,  
“Сенікі дұрыс” дейді.  
Дәл осындай ерменің  
Сөзіне сеніп,  
Біреудің обалына қала көрмегін!

## БЕЛСЕНДІ ҚОРАЗ

Таң атпай:  
“Тұр-рың-да-а-р!!” деп  
Айқай салды,  
Өзі, бірақ,  
Күркеден шықпай қалды.

## ТЕРІ ТЕСЕР

Аң көрсе оқ жіберіп опыр-топыр,  
Етеді бірін ақсақ, бірін соқыр.  
“Бір күнде  
Алпыс бөкен өлтірдім” деп,  
Тері тесер алдында бөсіп отыр.

## ИТТІҢ ҰЯЛУЫ

Мақтанғанда екі аңшы  
Атып ұрып тұмағын,  
Ұялғаннан тазысы  
Басып тұрды құлағын.

## “АҒАСЫ”

Қарындасы  
“Аға” дейді ағайды,  
Ал ағасы...  
Қоразданып қарайды.

## ЖАРЫҚШЫЛ ЖАСАҚШЫ

Қорықпайды, бұқпайды,  
Бұзақыдан ықпайды, —  
Қараңғылық түскен соң,  
Жарық жерден шықпайды.

## МАЗАСЫЗ МЕЙМАН

Қонақ үйін  
Таппай келіп қаланың,  
Тостағына таласады баланың.  
Соныменен,  
Тамақ берсең — сәл риза,  
Арақ берсең — дән риза.

## БҰЗҒЫШТАР

Жаман шофер жол бұзар,  
Жаман төркін қыз бұзар.  
Алаламас, адалды  
Жылмың қаққан “сіз” бұзар.

## УАҚЫТ СӨЗІ

“Ұшып бардым”,  
“Ұшып келдім”  
Дейтіндер, шүкір, көбейді.  
Тек, орнынан “ұшып” кетсе,  
“Ұшып түстім” демейді.

## ДҮРДАРАЗ

Екі әріптес — дүрдараз,  
Дүрдараз болды күнде араз.

Төндіріп бір-біріне қараспанды,  
Жалынып жай айтқанға жараспады.  
Қоразша бір-бірінді түтіп же деп,  
Коллектив  
Екеуін де аластады.

### ҚАУЛЫ

Қаулы алынды қырық парак,  
Қатарынан үш қаулы:  
“Бұлжытпастан нақпа-нақ,  
Орындаймыз нұсқауды...”

Өкінішті бірақ та,  
Іске асырмас дұшпан бар.  
Өтпей жатып бір апта,  
Жеп кетеді тышқандар.

### КІМДІКІ ДҰРЫС

Дәрігерлер: “Шылым зиян,  
Шекпендерші, достар!” дейді.  
Ал, темекі заводы:  
“Бізге керек жоспар!” дейді.  
Дәрігері “Арақ зиян”,  
Ішпендерші, достар! дейді.  
Арақ заводы  
“Бізге керек жоспар” дейді.  
Дұрыс дейміз кімдікін,  
Жеңер екен кімді кім?

### ШӨЖЕКЕЙ МЕН ТЕКЕШІК

Жазғыш болса шөжекей,  
Қауырсыны шығып,  
Қасынғанын жазады.  
Жазғыш болса текешік,  
Тас шетінде тұрып,  
Асылғанын жазады.

## ҚАРАУЫЛ

“Үй өртенді!!...” —  
Безілдеп  
Айқай салды қарауыл.  
Шырт ұйқыдан безініп,  
Көмектесті бар ауыл.  
“Әдебиет өртенді!!...” —  
Аттан салды қарауыл.  
“Ақымақ, — деп, — қарауыл!” —  
Ұйықтай берді бар ауыл.

## АУДАРҒЫШ ҚАНДЕН

Мықтысын-ай!  
Біледі өзі  
Нәрлі еңбекті,  
Дәмді еңбекті.  
“Арыстанның шығармасын  
Аударушы — Қанден” депті.

## ҮШ ТҮРЛІ БАҒА

Бір сыншы айтты:  
“Көтере мақтаған” деп,  
Бір сыншы айтты:  
“Көбірек даттаған” деп.  
Жұрт отыр:  
“Екеуі жай оттаған ” деп.

## КАНТАТАНЫҢ ШЫҒУЫ

Болсадағы арасы  
Ат шаптырым, алты ата,  
Дың еткізіп темірді,  
Дей салады “Кантата”.

## ДЫМЫ ЖОҚ

Әншілер бар үні жоқ,  
Жазушы бар тілі жоқ,

Суретші бар сүйкеуік,  
Суретінің қыры жоқ.

## **КЕНЖЕЛЕУ КЕЛГЕН ШАБЫТ**

Жас шағында жүргізуші еді  
Жазу-сызудан дін аман.  
Пенсияға шығысымен  
“Туындатты” роман.

## **РОЯЛЬДАҒЫ ШЫМШЫҚ**

Рояльға қосылды енді  
Сайраймын деп сүр шымшық.  
“Бүлдірді-ау, — деп, әсем әнді”,  
Бетін бүлбүл түр шымшып.

## **УНИВЕРСАЛ ШАППА**

Неңдей іс тапсырылса,  
Тартынбайды, —  
Пайдасы қожасынан  
Артылмайды.

## **КЛУБ ПЕН ҚҰЛЫП**

Ауылда жақсы клуб бар,  
Аузында мықты құлып бар.  
Осы маңнан шықпайды  
“Былықтар мен шылықтар”

## **АҚЫЛГӨЙ БАЛАПАН**

Жұмыртқадан шықты да,  
Буы кеппей,  
Ақыл айта бастады  
Қүдіреттей.

## **“КЛАССИК”**

Парақтауға қуатың  
Жетер ме екен демейді,

Томнан соң том туатын  
“Классиктер” көбейді.

### АЛТЫН ҚҰНЫ

— Алтыным бар әкелген,  
Қабылдаушы, қайдасың?  
Тезірек ал, кетем мен,  
Халқым көрсін пайдасын.

Қабылдаушы мырс етті:  
— Сені тәңір атқан ба?  
Алтының не, жез бен мыс  
Кезек күтіп жатқанда.

### “ӨНІМДІ” ДЕП

“Өнімді” деп циклдар  
“Өлеңші-ақын” қиқылдар,  
Жазатыны сондағы —  
Қиқымдар мен сиқымдар.

### АУДАРМАШЫ

Бір аудармашы бар —  
Аударар жандандырып.  
Бір аудармашы бар —  
Оқысаң  
Жіберердей жындандырып.

### БОЗТОРҒАЙЛАР

Одан-бұдан  
Дүдәмал сөз қозғайды,  
Ақша десе  
Қу құлқын, көз тоймайды.  
Өтпей жатқан ісі жоқ кітабымен.  
Әр баспаның  
Меншікті бозторғайы.

## СОМ ЕДІ

Сом еді кітап бағасы  
Арзандап... түсті тиынға.  
Өтпеген соң бұйым ба?  
Дейтін жан жоқ “ұстандар!”  
Семіріп жатыр тышқандар.

## ӘУЕСҚОЙ ӘНПАЗҒА

Ұстатпайтын  
Көк аттыға көлденен,  
Қиын еді,  
Қымбат еді ән деген...  
Жалбашаштай  
Сидандатып сирағын,  
Сен халыққа  
Сымпыс әндер “сыйладың”.

## КОМПОЗИТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Халық әнін талапайлап,  
Алып жатыр алақайлап.  
Бір кездегі бозша тайлақ,  
Болып кетті қара тайлақ.

## СҰРАҚ – ЖАУАП

Немересі әжесінен сұрайды:  
– Айтшы, саған  
Қандай кино ұнайды?  
Тостағына құйып беріп көжесін,  
Керісінше жауап берді әжесі:  
– Оңды-солды  
Пышақтасқаны ұнамас,  
Жөн-жосықсыз  
Құшақтасқаны ұнамас.

\* \* \*

“Ата даңқымен қыз өтер”,  
“Мата даңқымен бөз өтер”,

Жаза бер төпеп,  
Сөйлей бер,  
Атақ даңқымен сөз өтер.

### **ӨЛЕҢ-ОЧЕРККЕ**

Елжіретпей бойды алып,  
Көргін демей ойланып,  
Қайран өнер қор болдың,  
Қара суға майланып.

### **КӨБЕЛЕК-ӨЛЕҢ**

Ертендік өлең қажет деп,  
Телефон кенет шыр етті.  
Көкіректен безектеп,  
Көбелек өлең пыр етті.

### **ЭКРАНДА**

Алдымен эстетика жайлы сөз болды.  
Ұзамады, — бес минутта тез болды.  
Эстетикаға іле-шала экраннан  
Жылқы даусы шығып қалды  
Оқыранған.  
Одан кейін  
Шошқа кеп ерініп тұрды.  
Сиыр — одан, сиырдан — ол  
Жерініп тұрды.

### **ТЕЛЕВИЗОР КӨРІП ОТЫР**

Кемпірі айтты шалына:  
— Күлкіңді неге күрт тыйдың?  
— Ауыстыршы, — деді ол жалына, —  
Тәуірлеу бұдан мүртфильм...

### **КЕНЕЙ ӨЛЕҢДЕР**

Өзімізді кереметпіз демейік,  
Өлең шіркін барады тым көбейіп.